# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 40 (891) 9 қазан 2025 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

**Аграрлық сала өкілдерін қолдау және қазақстандық астық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін сақтау мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» жаңа егіннің астық бағасын нарықтық деңгейден жоғары етіп жариялады.**

## 2025 ЖЫЛҒЫ АСТЫҚ БАҒАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



АШМ баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, бұл үрдіс кейінгі 4 жылда байқалып келеді. Басқаша айтқанда астық нарығының ұлттық операторы кейін форвардттық қаржыландыру бойынша сатып алу үшін астықтың әділ құнын белгілейді.

Бағдарлама ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдаудың ең тиімді құралдарының бірі, ол дихандарды күзде қолжетімді құралдармен және кепілдендірілген егін сатумен қамтамасыз етеді.

ҚҚС есебімен 2025 жылғы астықтың бір тоннасының құны:

– 3-сыныпты бидай (дән маңызы 27%+) – 115 мың теңге;

– 3-сыныпты бидай (дән маңызы 25-27%, құлау саны 250-ден бастап) – 96 мың теңге;

– 3-сыныпты бидай (дән маңызы 25-27%, құлау саны 200-ден бастап) – 94 мың теңге;

– 3-сыныпты бидай (дән маңызы 23-24%, түсу саны 230-дан бастап) – 92 мың теңге;

– 3-сыныпты бидай (дән маңызы 23-24%, түсу саны 160-тан бастап) – 90 мың теңге;

– 4-сыныпты бидай (дән маңызы 20-22%, түсу саны 200-ден бастап) – 82 мың теңге;

– 4-сыныпты бидай (дән маңызы 18-19%, түсу саны 80-нен бастап) – 80 мың теңге;

– 5-сыныпты бидай (дән маңызы 18%) – 70 мың теңге;

– қатты бидай (мөлдірлігі 60, түсу саны 200-ден бастап) – 90 мың теңге;

– 2-сыныпты арпа – 75 мың теңге.

Дәнді дақылдардың әділ бағасы фермерлерге шығындарды жабуға, өндірістің тиімділігін сақтауға, сондай-ақ қазақстандық астықтың сыртқы нарықтардағы ұстанымын нығайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа маусымда дәстүрлі экспорттық нарықтар ретінде Өзбекстан, Ауғанстан, Қытай, Иран және Тәжікстан сақталады, сондай-ақ астықты алыс бағыттарға – Солтүстік Африка елдеріне, Парсы шығанағына, Оңтүстік-Шығыс Азияға, Қара және Балтық теңізі порттары арқылы транзитпен жеткізу жалғасады.

– Астық бағасының тұрақтылығын 2026 жылғы қыркүйекке дейін ұзартылған көлік субсидиялары қамтамасыз етеді. Бұл шешім өткен маркетингтік маусымда енгізілген қолдау шараларының оң әсерін ескере отырып, Үкімет тарапынан қабылданды, – делінген хабарламада.

ОРАҚ - 2025

## ОРАҚ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



*Аудан диқаншылары қолайлы ауа райын пайдаланып, орақ науқанын аяқтауға жақын. Бүгінгі таңда ауыл еңбеккерлері алқаптан 87 пайыз астық жинап үлгерді.*

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің 8 қазандағы мәліметі бойынша бүгінгі таңда ауданда 290,5 мың га немесе жоспардың 87,9 % астыққа шалғы түскен, оның ішінде: бидай – 233,3 мың га, арпа – 30,3 мың га, сұлы – 1,7 мың га, бұршақ – 6,2 мың га, жасымық – 18,8 мың га шабылды. 288,0 мың га (87,2%) дән бастырылды. Қазіргі кезде гектарына 22,0 центнер өнімділікпен 273,5 мың тонна астық қамбаға құйылды.

Майлы дақылдар 45,3 мың га (74,3%) алаңда шабылып, 34,8 мың га (57,1%) астық бастырылды. Орташа өнімділік гектарына 12,3 центнерді құрап, 41,7 мың тонналы құрап отыр.

«СК Агро 2050» ЖШС, «Алтын астық 2050» ЖШС, «Жетісу жер» ЖШС, «Писаревское Агро» ЖШС, «Октябрьское Агро» ЖШС, «Станица» ЖШС сияқты ауыл шаруашылығы құрылымдарында астықтың ең жоғары өнімділігі тіркеліп отыр.

Сондай-ақ бүгінгі күні десикация 50,2 мың га алаңда жүргізіліп, 204,6 мың га жер жыртылды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## МАҒЖАНДЫҚ ҰСТАЗДАР ЖОҒАРЫ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ



*3 қазан күні Петропавл қаласында Мұғалімдер күніне орай С.Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрында салтанатты іс-шара өтіп, онда Солтүстік Қазақстан облысының үздік педагогтары марапатталды.*

Іс-шара аясында облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов білім беру саласының дамуына үлес қосып жүрген ұстаздарға алғысын айтып, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

- Ұстаз – әрдайым қадірлі және қастерлі тұлға болып саналады. Ұстаз болу - тек кәсіп емес, білім мен тәрбиеге деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі. Еліміздің болашағы – жастарды жақсылыққа баулуда мұғалімдердің қосатын үлесі орасан зор, - деді облыс басшысы Ғауез Торсанұлы.

Салтанатты шара барысында өз саласында ерекше жетістіктерге жеткен бірқатар мұғалім арнайы марапаттарға ие болды. Ұстаздарға Құрмет грамоталары, Алғыс хаттар табысталды.



Соның ішінде биология және химия пәнінің мұғалімі, Возвышенка орта мектебінің ардагері Зада Қошқарбайқызы Қайыржанова мен тарих пәнінің мұғалімі, Ұзынкөл орта мектебінің алғашқы әскери және техникалық дайындық ұйымдастырушысы Серік Қаппасұлы Сатыбалдин «Еңбек ардагері» төсбелгісімен наградталды.

Ал Сарытомар орта мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахлидин Жалғасбайұлы Көшкінбаев облыстың «Мағжан Жұмабаев» төсбелгісімен марапатталды.

Бұл жоғары наградалар - ұстаздардың көпжылдық адал еңбегін және білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесін айғақтайды.

Құрметті мағжандық ұстаздарды лайықты марапаттарымен шын жүректен құттықтап, кәсіптерне адалдығы мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі зор еңбегі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Шынында да, бұл марапаттар – білім беру ісіне сіңірген адал еңбектің, жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлестің лайықты бағалануы екені сөзсіз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.**

**Суретте: Серік САТЫБАЛДИН. Зада ҚАЙЫРЖАНОВА.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

*11 қазан күні Мағжан Жұмабаев ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы өтеді.*

Акция барысында ағаш отырғызу, елді мекендердің, өнеркәсіптік аймақтардың аумақтарын жинау жұмыстары ұйымдастырылады.

Туған өлкеміздің тазалығына, келбетінің көркеюіне атсалысу – әрбір тұрғынның міндеті.

Сондықтан баршаңызды акцияға белсенді қатысуға және туған өлкені абаттандыруға өз үлесіңізді қосуға шақырамыз!

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

# ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ – ОРТАҚ ІС





***7 қазан күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, оған жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты. Кеңес барысында халықты жұмыспен қамту шаралары туралы, ауданның денсаулық сақтау жүйесін дамыту туралы және Астана қаласында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне дайындық туралы мәселелер қаралды.***

Алғашқы болып жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова сөз алып, жұмыспен қамту шаралары туралы баяндама жасады.

- Мағжан Жұмабаев ауданының халқы 25 996 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны – 15 652 адам, оның ішінде жұмыспен қамтылған халық – 15 330 адам, жұмыссыз халық - 322 адам, оның ішінде мансап орталығында тіркелгендер саны - 283 адам. Жалдамалы жұмыскерлердің жұмыспен қамтылған халқының ішінен – 11 162 адам, өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың ішінен - 4 168 адам: оның ішінде өнімді жұмыспен қамтылғандар – 3 131 адам және өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - 1 037 адам. Экономикалық белсенді емес халық саны - 10 344 адамды құрайды, - деді Бақытжан Нұрмұқанқызы.

Мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде 2025 жылдың 9 айында жалпы жұмыспен қамту 1414 адамды құраған, ал жылдық жоспар - 1489 адамды құрайды.

- 2025 жылдың 9 айында тұрақты жұмыс орындарына – 1094 адам жұмысқа орналастырылды, 609 жаңа жұмыс орны құрылды. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 22.11.2024 жылғы № 388 және 22.11.2024 жылғы №389 қаулыларының негізінде Мағжан Жұмабаев ауданында 2 мүгедек адамды, пробация қызметінің есебінде тұрған 2 адамды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 2 адамды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленді. Нәтижесінде квота бойынша барлығы 6 адам жұмысқа орналастырылды, - деді жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Баяндама аяқталған соң, аудан әкімі жұмыссыздық көрсеткіші төмен округтердің әкімдеріне жоспардың орындалмау себептерін жан-жақты талдап, халықты жұмыспен қамту жұмысын күшейтуді тапсырды.

Екінші сұрақ - ауданның денсаулық сақтау жүйесін дамыту туралы Гүлбану Сағындықова ақпарат ұсынды.

Аудандық аурухана директорының айтуынша, ауданда 80 төсектік аудандық аурухана, бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхана, 4 дәрігерлік амбулатория, 2 ФАП және 44 МП жұмыс істейді.

- 2023 жылы Қарақоға ауылында және Возвышенка ауылында 2 дәрігерлік амбулатория салынды. 2024 жылы Чистовское мен Советское ауылдарында 2 фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) және Бәйтерек, Тамановское және Надежка ауылдарында жаңа медициналық пункттер салынды.

Ауданда 42 дәрігер мен 1 провизор жұмыс істейді. Дәрігерлік кадрлардың тапшылығы - 4 маман, оның ішінде: онколог, офтальмолог, 2 жалпы практика дәрігері. Ағымдағы жылы 6 дәрігер келді (1 рентгенолог, 1 дәрігер терапевт, 1 педиатр және 3 ЖПД), 1 дәрігер терапевт кардиологқа қайта даярлаудан өтті.

Аудан бойынша орта медициналық қызметкерлер саны 193 және 3 фармацевт.

Бюджеттен тыс қаражат есебінен Қарағанды және Петропавл қалаларының медициналық университеттерінде 2 студент оқиды.

9 айда 2265 пациент стационарлық медициналық көмек алды. Ең үлкен жүктеме терапевтік бөлімге түсті - 807 пациент. Хирургиялық бөлімде - 405 адам, педиатриялық бөлімде - 297, гинекологиялық бөлімде - 317, инфекциялық бөлімде - 257, перзентханада - 166, паллиативтік көмек төсегінде - 16 адам емделді.

Есепті кезеңде аудан бойынша 124 бала дүниеге келді, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53 балаға аз. Өлім-жітім 269-дан 215-ке дейін төмендеді.

2025 жылдың 15 қыркүйегіне аудан бойынша 4705 адам сақтандырылмаған, - деді Гүлбану Төлегенқызы.

Кеңес барысында аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайту және медициналық қызметтердің сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

Үшінші сұрақ бойынша ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов сөз сөйлеп, Астана қаласында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне дайындық туралы баяндады.

- 18-19 қазан аралығында біздің облыс Павлодар облысымен бірлесіп, Астана қаласында «Қазанат» ипподромының аумағында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне қатысады.

Аудан жәрмеңкеге ет, сүт өнімдері, жарма, бал, картоп және көкөністер көлемінің ұсынылған ассортиментін жеткізетін болады. Бүгінгі таңда өз өнімін саудаға апаратын кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылық тауар өндірушілер анықталды, - деді Әлібай Нұрбайұлы.

Аудан басшысы Астана қаласында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін қатысу қарсаңында барлық ұйымдастыру шараларын алдын ала қабылдау керектігін айтты.

- Мұндай ауқымды іс-шараларды өткізу - бұл жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін сату мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар ауданымыздың имиджін нығайту, елорда тұрғындары мен қонақтарын қолжетімді бағамен және сапалы өнімдермен қамтамасыз ету тәсілі.

Сондықтан осы мәселеге жауапкершілікпен қарауды, техника мен мамандардың дайындығын пысықтауды және қатысушылардың сауда алаңдарында жұмыс істеуі үшін әзірліктерін (сертификаттардың, ветеринариялық анықтамалардың, өнімді таңбалаудың болуы) бақылауда ұстауды тапсырамын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Аудан әкімінің аппаратына кеңес қорытындысы бойынша хаттама жасап, барлық тармақтың орындалуын бақылауда ұстау бойынша тапсырмалар берілді.

9 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОШТА КҮНІ

# ПОШТАШЫ – АУЫЛДАҒЫ ЕҢ ТЫНЫМСЫЗ МАМАН ИЕСІ

Бүгінгідей ақпараттық технология дамыған заманда пошташының жолына қарап, хат күтетін кезеңдер артта қалды. Бір қарағанда пошта қызметінің маңыздылығы азая түскендей. Алайда, халық әлі де бұл қызмет түріне жүгінеді. Поштаға барады, сәлемдемесін салады, басқа да көптеген қызметті алады. Өйткені, пошта байланыс торабы заман өзгеріп, талап күшейген сайын соған сай жаңаруда.

Жыл сайын 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні тойланады. Осы ретте, айта кетерлігі, пошташы болу үшін шыдамдылық пен жылдамдық, ұқыптылық пен көпшіл болу ауадай қажет. Пошта қызметінің басты бір бағыты – басылымдарға жазылымды жүргізу және жеткізіп беру.

Әрбір мамандықтың өзіндік ерекшелігі мен халыққа қажеттілігі бар. Солардың бірі - пошташы мамандығы. Сондықтан біз бүгін Бинаш ауылының пошташысы Бақытжамал Мақтайқызы Саткенова жайлы әңгімелейміз.




Бақытжамал Саткенова 1973 жылы 20 желтоқсанда Булаев ауданы Пролетарка ауылында дүниеге келген екен. Ауыл мектебін тәмамдаған соң, бірден еңбек жолын бастап кетеді. Ал 1999 жылы Асылбек Еслəмұлына тұрмысқа шығып, Бинаш ауылында тұрып келеді.

Біздің кейіпкеріміз өте еңбекқор жан. Сондықтан ол жұмыс таңдамайды. Кез келген істі иіріп әкететін айрықша қасиеті оны айналасындағылардан ерекшелендіріп тұрады. Қарапайым жұмысшыдан бастап, асханада аспазшы, сүт зауытында маман және басқа да жауапты қызметтер атқарған.

Бақытжамал Мақтайқызы пошта саласына он жыл бұрын келген. Осы аралықта ол өзін жауапты қызметкер, өз ісіне адал маман ретінде көрсете білді. Сол үшін ол бірнеше рет басшылық тарапынан мадақтама алған жан.

– Ақпараттық технология дамыған заман дегенімізбен ауылдық жерлерде интернет дұрыс ұстайды деп айта алмаймыз. Әрі интернеттегі алып ақпарат әлемінен керегімізді табу да, ондағы жазылғандардың бәріне сену де қиын. Сондықтан да, қағаз басылымдар бүгінгі күні де өз маңызын, рөлін жойған жоқ.

Әсіресе, ауданның өмірі, экономикалық жағдайы, басқа да жаңалықтар туралы жазатын аудандық газет тұрғындарға аса қажет. Мұнда мемлекеттік қызмет түрлері, оны алу үшін қандай құжаттардың керек екендігі және қай жерде не сатылады, кімге қандай жұмыс бар, жалпы аудан тұрғындарына қажетті дүниелердің бәрі жазылады. Ол ақпараттарды ел білуі қажет.

«Мағжан жұлдызы» мен «Вести» аудандық редакцияларымен тығыз байланыста қызмет атқаратындықтан біз өз тарапымыздан жергілікті газеттерді насихаттаймыз. Аудандық «Қазпошта» бөлімінде каталог бойынша жүздеген газет-журналдар ұсынылады. Солардың қай-қайсысына жазылса да тұрғындарға уақытылы жеткізіледі, – дейді ауыл пошташысы.

Иә, ауыл пошташыларының жұмысы оңай емес, оларға үлкен жауапкершілік жүктелген.

Осы ретте Бинаш ауылының тұрғындары да ауыл пошташысы Бақытжамал Мақтайқызына жүгініп, ол халыққа зейнетақы алу, газет-журнал жаздыру, жарық пен телефон үшін төлемдер жасау бойынша қызмет көрсетеді.

Оның жұмысы тек пошта қызметімен шектелмейтіні анық. Ол әр күні халықтың жүрегіне жол табуға ұмтылады. Ауыл ішінде кім ауырып қалды, кімге көмек қажет – соның бәрін алғашқы болып білетін де осы пошташы әйел. Әр шаңырақтың табалдырығын аттаған сайын хал-жағдай сұрап, ақсақалдың ақ тілегін алып, ақ жаулықтылардың уайымын бөлісіп, қолынан келгенше көмек қолын созуға тырысады.

Біздің кейіпкерге қарап, біз ақпараттық технологиялар дамыған заманда да пошташы қызметі өз маңыздылығын ешқашан жоғалтпайтынына көз жеткіземіз.

Ендеше, кәсіби мереке тұсында пошта саласында бұрын қызмет еткен ардагерлерді, қазіргі таңда еңбек етіп жатқан мамандарды шын жүректен құттықтаймыз. Оларға сапалы қызметі, табысты еңбектері үшін өз алғысымызды білдіреміз. Денсаулықтары мықты, өмірлері нұрлы болып, отбасыларына әрдайым бақыт-береке орнасын!

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

## № 10 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

# СМАТОВ ҚАЙНОЛЛА ТОҚАҰЛЫ



### Өмірбаяны

Мен - Қайнолла Сматов 1964 жылы Омбы облысының Қасқат ауылында туып өстім. 1971 жылы Қаскат орта мектебінде, ал 1981 жылы Майбалық орта мектебінде оқыдым.

«Зооинженер» мамандығы бойынша жоғары білімім бар.

Ауыл шаруашылығы саласында 30 жылдан астам жұмыс істеп, әртүрлі лауазымдарды атқардым.

Қазіргі уақытта «AMANAT» партиясы Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының атқарушы хатшысы лауазымында еңбек етемін.

### Сайлауалды бағдарламасы

Менің кәсіби қызметім жауапкершілік, еңбекқорлық және ауыл халқына қызмет ету қағидаттарына негізделген. Менің өмір мен еңбек жолым Мағжан Жұмабаев ауданымен тығыз байланысты.

Күн сайын ауылдардағы, дүкендердегі және көшелердегі адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, мен олардың проблемалары мен үміттерін жақсы білемін. Мен өз білімім мен тәжірибемді ауданның әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу үшін қолданамын.

Азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу - басымдық: бірде-бір өтініш назардан тыс қалмайды.

Ауыл тұрғындарының өміріндегі оң өзгерістерді көргеніме қуаныштымын, бірақ ауылдарды абаттандырудан бастап денсаулық сақтауды дамытуға, білім беруге және жұмыспен қамту мәселелерін шешуде әлі де көп нәрсе істеу керек. Сондықтан мен туған өлкеге қызмет ету және оның дамуына өз үлесімді қосу үшін Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына өзімнің кандидатурамды ұсынамын.

Мен бос уәде бермеймін. Менің жоспарым - орындалатын жоспар.

Мен түбегейлі, табанды және жауапкершілікпен әрекет етуге дайынмын. «AMANAT» партиясының кандидаты ретінде мен ауыл тұрғындарын толғандыратын мәселелерді шешуге біздің фракцияның белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бар күшімді саламын. Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаты болып сайланған жағдайда, мен ауыл тұрғындарының мүдделерін тиімді білдіруге, азаматтардың құқықтарын қорғауға және өмірді жақсы жаққа өзгертетін шешімдерге қол жеткізуге міндеттенемін.

**МЕНІҢ БАҒДАРЛАМАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

Депутаттық өкілеттіктер аясында Мен үш негізгі бағытқа назар аударамын:

1. Ауылдық елді мекендерді абаттандыру:

* Кірме және кентішілік жолдарды жөндеу (ағымдағы және орташа жөндеу);
* Сауданы қолдау - дүкендерді ашу, жабдықтауды жақсарту;
* Мәдениет үйлерін жөндеу және бос уақыт инфрақұрылымын дамыту.

2. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау:

* Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көмек;
* Мүгедектігі бар адамдар мен жалғызбасты қарт азаматтарды қолдау;
* Әлеуметтік және медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету.

3. Жұмыспен қамту және еңбек құқықтарын қорғау:

* Ауыл тұрғындарын жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау;
* Жұмыс табуға көмектесу;
* Еңбек бастамаларын қолдау, қызметкерлердің құқықтарын қорғау.

**ҚОСЫМША ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ**

* Қыс мезгілінде жолдарды күтіп ұстауды қамтамасыз ету - тұрақты тазалау және қауіпсіздік;
* Ұялы байланыс пен жоғары жылдамдықты интернетті дамыту;
* Бос уақытты ұйымдастыру, әсіресе жастар үшін;
* Тұрмыстық және тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

Құрметті жерлестер! Мен сіздердің көз алдарыңызда Сіздермен бірге өстім.

Мен бүгін Сіздерді не толғандыратынын білемін және Сіздермен бірге кеңседе емес, халық арасында жұмыс істеуге дайынмын. Мен уәде емес, әрекет ету үшін мәслихатқа барамын. Лауазым үшін саясатқа емес, адамдарға қызмет ету.

Халықтың игілігі - менің басты бағдарым. Біздің ауылдардың дамуына үлес қосу басты мақсатым. Сондықтан маған дауыс берулеріңізді сұраймын. Менің кандидатурама назар аударғандарыңыз үшін, қолдауларыңыз бен сенімдеріңіз үшін рахмет. Депутат рөлінде Сіздер үшін диалогқа, сындарлы қарым-қатынасқа және бірлескен жұмысқа ашық сенімді өкіл бола алатыныма сенімдімін.

Біз бірге күшті және әділ мемлекет құрамыз.

***Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды***

## № 10 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

# ЫБЫРАЕВА ГҮЛДЕН РАМАЗАНҚЫЗЫ



### Өмірбаяны

Мен - Ыбыраева Гүлден Рамазанқызы 1996 жылы 02 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келдім. 2018 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2018 жылы Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылында ағылшын пәні мұғалімі болып жұмыс атқардым. 2025 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ мемлекеттік қызметке жұмысқа орналастым.

### Сайлауалды бағдарламасы

**Құрметті сайлаушылар!**

Мен, Ыбыраева Гүлден Рамазанқызы, Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидатпын. Мен Мағжан Жұмабаев ауданында туып өстім, халықтың мәселесін жақсы білемін, оларға өзекті мәселелерді шешуге көмек беремін.

Егер Сіздер мені депутат етіп сайласаңыздар, онда мен барлық білімімді ауыл тұрғындарының өмірін жақсарту және ауданымызды дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыру үшін қолданамын. Мен сайлаушылармен үнемі кездесіп, олардың ескертулері мен өтініштерін орындаймын.

Иә, қазір біздің ауыл тұрғындары мен аудан тұрғындарының өмірінде көптеген оң өзгерістер бар, бірақ денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту және спорт саласындағы аудан азаматтарының әлеуметтік өмірін тағы да жақсарта түсу керек.

Біз басты жетістіктер бейбітшілік, келісім және өркендеу болып табылатын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Біздің Президент өзінің жыл сайынғы Жолдауында қазақстандықтар бағдарланатын елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы үшін нақты міндеттер қояды.

№10 сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты бола отырып, мен халыққа қолдау көрсету үшін бар күшімді саламын. Мен өзімнің депутаттық қызметімді сайлаушыларымның мүдделерін іске асыруға бағыттаймын.

Менің сайлауалды бағдарламамды іске асыруды азаматтық парызым деп санаймын:

- ауыл көшелерін жарықтандыру;
- жолдарды жөндеу және күтіп ұстау;
- ауыл тұрғындарын ауыз сумен, жақсы байланыспен және жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын ұйымдастыру;
- ауылдарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру;
- халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- мәдени даму, халықтық дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді сақтау үшін жағдай жасау;
- өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу, жастарды жұмыспен қамтуға және бос уақытын ұйымдастыруға қолдау көрсету;
- ауданда бейбітшілікті, ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайту;
- шағын және орта бизнес өкілдеріне жәрдемдесу.

Мен сайлаушылармен тұрақты байланыста боламын, оларды мәслихаттың жұмысы туралы үнемі хабардар етемін, азаматтардың өтініштерін уақтылы қарайтын боламын.

Сондықтан барлығыңыз сайлауға келіп, маған дауыс беріңіздер!

***Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды***

## № 10 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

# ОЛОНОВА ТАТЬЯНА ВЛАДИМИРОВНА



### Өмірбаяны

Мен - Татьяна Владимировна Олонова 1984 жылы 13 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Октябрьское ауылында дүниеге келдім, 2006 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2006 жылы Октябрь орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастадым және қазіргі уақытқа дейін сол жерде жұмыс істеп жатырмын.

### Сайлауалды бағдарламасы

**Құрметті сайлаушылар!**

Біздің мемлекетіміз бен ауданымыз қарқынды дамып келеді, жыл сайын мағжандықтардың өмір сүру сапасы жақсарып келеді.

Қазіргі уақыт - елдің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуындағы орасан зор өзгерістер дәуірі, сондықтан әрбір қазақстандықтың алға қойған мақсат-міндетіне өз үлесін қосу кезеңі.

Мен де педагогика саласында ғана емес, сонымен бірге, депутат ретінде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, олардың шешу жолдарын іздеуде өзімді сынағым келеді.

Осылайша, мен № 10 сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып, алдыма ауыл тұрғындарының өмірлік маңызды мәселелерін шешуге белсенді атсалысу міндетін қойып отырмын.

**МЕНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

- адамдардың әл-ауқатын жақсарту, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;
- ауыл халқының денсаулығын нығайту, аналар мен балаларды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау;
- аулаларды абаттандыру, көшелерді жарықтандыру және ауылдардағы жолдарды жөндеу мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- әлеуметтік саладағы, яғни білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы мәселелерді шешуге қатысу;
- медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға жәрдемдесу;
- жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қолдау көрсету;
- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
- аз қамтылған және көп балалы отбасылар мен мүгедектерді қолдау;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты күшейту;
- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;
- ауыл шаруашылығын, ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуды белсенді қолдау;
- ауыл үшін қажетті бағдарламаларды жеңілдікпен қаржыландыруға көмек;
- ауданда тұратын барлық ұлттардың дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін дамытуға және олардың арасындағы ұлтаралық келісімді сақтауға жәрдемдесу.

Құрметті сайлаушылар, егер Сіздер маған сенім білдіріп, сайлауда маған дауыс беріп, мені Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаты етіп сайласаңыздар, мен өзімнің барлық білімім мен бар тәжірибемді жоғарыда айтылған мақсат-міндеттерді шешуге жұмсаймын.

Баршаңызды сайлауға белсене қатысуларыңызды сұраймын.

***Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды***

МЕРЕЙТОЙ



# ҚАРИЯНЫ МЕРЕКЕМЕН ЖӘНЕ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

***1 қазан күні ақжаулықты ана – Рахила Бектембаева 80 жасқа толды.***

Аудан әкімі Рахат Смағұлов пен ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов мерейтой иесін арнайы құттықтап, естелік сыйлық табыстап, оның еңбексүйгіштігіне, төзімділігіне және туған өлкенің дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтты.

- Құрметті Рахила Шәйкенқызы! Сізді Қарттар күні мерекесімен және 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сізге және жақындарыңызға мықты денсаулық, баянды бақыт, құт-береке мен игілік тілеймін. Сіздің өмірлік және еңбек жолыңыз жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге екені сөзсіз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Рахила апай Сулышоқ ауылында дүниеге келген. Бала кезінде ата-анасынан айырылып, жас кезінен еңбекке ерте араласты. Бар ғұмырын ауыл шаруашылығына арнап, сауыншы болып еңбек етті. 16 жасында механизаторға тұрмысқа шығып, жолдасымен бірге 61 жыл ғұмыр кешті, алты баланы тәрбиелеп өсірді.

Бүгінде Рахила Шәйкенқызы — үлкен отбасының ортасында сый-құрметке бөленген ардақты ана және аяулы әже. Оның өмір жолы — рухтың беріктігінің, отбасы мен туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ!

**Қарттарын ұлықтап, оларды қастер тұтуда мағжандықтардың құрметі айрықша. Қазір ауданымызда қараусыз қалған бірде-бір ардагер, не бірде-бір қарт кісі жоқ десек қателеспейміз. Олардың бәрі қамқорлық құшағында.**



Оған дәлел ретінде қазан айының 3-ші жұлдызында Қарттар күні мерекесіне орай өткен дөңгелек үстелді айтуға болады.

Аталмыш шараға Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанында жұмыс істейтін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» бастамашы болды. Айта кететін болсақ, бұл орталықтың мақсаты - аға буын өкілдерін қолдау, олардың бос уақыттарын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын ұстану болып табылады.

Кездесуде зейнет жасындағы жандар еңбек еткен жылдарын, мекемелері мен әріптестерін еске алып, бір марқайып қалды.

Қазыналы қарттарымызды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова құттықтады. Ол ауданымызда қарттарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауларға тоқталып өтті.

Біз барлық қарт адамдарға қоғамға қосқан баға жетпес үлесі, еңбегі, шыдамдылығы мен сүйіспеншілігі үшін терең ризашылығымызды білдіреміз.

Ауданда мереке күндері ақсақалдарымыз бен аналарымыздың басын қосып, дастархан жайып, лебіздерін таңдап батасын алу дәстүрге айналғалы қашан.

# ҚАРТТАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ЖӘРМЕҢКЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ











**Жексенбі, 5 қазан күні Булаев қаласында теміржол вокзалының алаңында Қарттар күні мерекесіне орай ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті.**

Іс-шараға Мағжан Жұмабаев ауданының 17 ауылдық округі мен Петропавл қаласынан келген «Солтүстік» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі қатысып, әртүрлі ауылшаруашылық өнімдерін ұсынды.

Келушілерге жаңа және сапалы өнімдердің кең таңдауы ұсынылып, сүт пен ет өнімдері, көкөністер мен азық түліктер нарықтағы бағадан 15-20 пайызға төмен бағамен сатылды.

Жәрмеңкедегі орташа бағаға тоқталсақ, жылқы еті - 3440, сиыр еті - 2900, шошқа еті - 1900, қаз - 2300, үйрек - 2000, тауық - 1360, балық - 300, сүт - 250, ірімшік - 800, қаймақ - 2700, май - 5000, бал - 2100, картоп, сәбіз, қырыққабат - 100, макарон өнімдері - 240, қарақұмық жармасы - 250 теңгеден сатылды.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, жалпы бұл күні 0,5 тонна - ет, 3,7 тонна - картоп пен көкөніс, 1,0 тонна - сүт өнімдері, 5,0 тонна «Солтүстік» АӨК өнімдері сатылған.

- Бүгін мен жәрмеңке ұйымдастырушылары - аудандық әкімдікке айтар алғысым шексіз. Өйткені ет, сүт пен азық-түліктер төмен бағамен сатылуда. Мен, жұмыртқа, сиыр еті, көкөніс пен бал сатып алдым. Бағалары қолжетімді әрі өнімі сапалы. Біз сияқты қарт адамдар үшін бұл жәрмеңке үлкен қолдау. Біз мұндай жәрмеңкелер қалада жылына бірнеше рет ұйымдастырылатынын білеміз, сондықтан асыға күтеміз, - дейді зейнеткер Қалима Қайырбекқызы.

Жәрмеңке қала тұрғындары мен қонақтары үшін концерттік бағдарлама ұсынылып, аудандық Мәдениет үйінің әртістері өнер көрсетті. Сондай-ақ киіз үй тігіліп, қол күрес спорты бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен бірге, жәрмеңкеге келушілер ыстық шай мен бауырсақтан, дәмді кәуап пен палаудан дәм татып, іс-шараны көтеріңкі көңіл күйде аралауға мүмкіндік алды.

Арзан бағамен қалаған тауарын сатып алған қалалықтар, әсіресе, қарт адамдар көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне тарасты.



*Өткен аптада аудандық Мәдениет үйінде Мұғалімдер күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Мәдениет ошағында әдемі баннер ілініп, суретке түсу аймағы жасалып, әр ұстазға құттықтау қағаздары таратылды. Сондай-ақ келушілерге интерактивті тақталарда көп жыл бойы ұстаздық етіп келе жатқан Молдабаевтар, Өлеповтар, Бектембаевтар сынды мұғалімдер әулеттері мен ауданның үздік ұстаздары жайлы ақпарат ұсынылды.*

# ҰСТАЗ ДЕГЕН ҰЛЫ ЕСІМ

Жиынға жиналған мұғалімдерді аудан әкімі Рахат Смағұлов кәсіби мерекелерімен құттықтап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан еңбектері мен үлестері үшін алғыс айтты.

- Құрметті ұстаздар, ардақты педагогикалық еңбек ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – қоғамның болашағын қалыптастыратын ұстаздың асыл миссиясын, даналығын, еңбегі мен адалдығын еске салатын ерекше күн. Сіздер жас ұрпаққа білім беріп қана қоймай, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытып, қоғам дамуының берік іргетасын қалайсыздар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Ұстаздар әрқашан да қоғам дамуының өзегі болып қала береді. Елдің болашағы – сіздердің еңбектеріңізге байланысты». Бұл сөздер – ұстаздың Қазақстан өміріндегі аса маңызды рөлінің айқын дәлелі.

Біздің ауданымыздың мақтанышына айналған оқушыларымыздың жетістіктері – Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі. Оқушылар облыстық, республикалық олимпиадаларда, байқауларда, спорттық жарыстар мен шығармашылық жобаларда үздік нәтижелер көрсетіп келеді. Бұл – ұстаздардың кәсібилігі мен жанқиярлық еңбегінің айқын көрінісі.

Еңбек жолын аяқтап жатқан ардагер ұстаздарға айрықша алғысымды білдіремін. Сіздердің мол тәжірибелеріңіз бен мамандыққа адалдығыңыз – жас ұстаздар үшін үлгі, аудан білім беру ісіне қосқан баға жетпес үлестеріңіз.

Ауданда білім беру сапасын арттыруға, оқушыларға жайлы жағдай жасауға бағытталған жоспарлы жұмыстар жүргізілуде: мектептерде жөндеу жұмыстары атқарылып, жаңа білім беру бағдарламалары мен заманауи жобалар енгізілуде. Барлығы – елдің лайықты азаматтарын тәрбиелеу жолында.

Шын жүректен сіздерге мықты денсаулық, бақыт, амандық және кәсіби табыстар тілеймін!

Оқушыларыңыздың жетістіктері қуаныш сыйлап, әр күніңіз құрметке, ризашылыққа және ізгі еңбектеріңіздің бағалануына толы болсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Содан кейін аудан басшысы ауданның үздік педагогтерін марапаттады. Мағжандық ұстаздар бұл күні аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің марапаттарына, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына, білім саласы қызметкерлері кәсіподағының төсбелгілері мен марапаттарына ие болды.

Сондай-ақ биыл аудан деңгейінде бірнеше пәндер бойынша үздіктер марапатталып, арнайы сыйлыққа ие болды. Атап өтер болсақ, «Физика пәнінің үздік мұғалімі - 2025» номинациясында Таман мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің физика пәні мұғалімі Драмарецкий Дмитрий Павлович жеңіске жетсе, «Қазақ тілі пәнінің үздік мұғалімі – 2025» номинациясында Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәні мұғалімі Меңдібаева Нағима Саукенқызы үздік атанды. Ал «Ағылшын тілі пәнінің үздік мұғалімі - 2025» аталымында Таман мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Полякова Любовь Юрьевна, «Үздік әдіскер – 2025» номинациясына мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша білім бөлімінің әдіскері Ахметжанова Айгүл Қалиқызы, «Үздік балалар жаттықтырушысы - 2025» аталымына Қарақоға орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Аленов Жақсылық Ербатырұлы лайық деп танылды.

Білім беру және қоғамдық қызмет қызметі ерекше құрметке лайық адамдарды — білім беру қызметкерлерінің қазақстандық кәсіподағының жоғары салалық наградаларына ие болғандарды да атап өтуді жөн көрдік.

Медвежка орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Жанат Төлеуқызы Қазанова «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Оның педагогикалық өтілі - 41 жыл, оның 20 жылдан астамы мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымын басқарады. Бұл жергілікті жерлерде білім беру және кәсіподақ жұмысын дамытуға шын мәнінде баға жетпес үлесі бар адам. Лебяжье орталау мектебінің математика пәні мұғалімі Наталья Борисовна Лабуш «Білім және ғылым қызметі кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

«Кәсіподақ ардагері» белгісімен Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің ардагері Сергей Сергеевич Заев және №2 Булаев орта мектебінің ардагері Александр Михайлович Барсуков марапатталды. Бүгінгі таңда лайықты демалысқа шыққанына қарамастан, олар белсенді өмірлік ұстанымын сақтап, барлық аудандық іс-шараларға қатысады, тәжірибелерімен және дана кеңестерімен бөлісіп келеді.

Сондай-ақ мереке барысында білім беру саласының бірқатар ардагеріне көпжылғы адал еңбегі мен білім беруге қосқан зор үлесі үшін бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Мереке одан әрі концерттік бағдарламамен жалғасып, мереке иелері мен іс-шара қонақтары үшін Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары өнер көрсетіп, Ақансері атындағы облыстық филармония әртістері көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мұғалімдер қауымы концерт барысында «Мәңгілік» би ансамблінің, «MIAMI» және «Sardar» вокалдық топтарының, сондай-ақ Дәмеш Құрманкина, Мария Красноголовая, Дәмелі Ортамышева, Анастасия Симонова, Нариман Жолдасбеков, Есения Епифанцева сынды жеке орындаушылардың өнерлерін тамашалады.

**Еркін ТӨЛЕГЕН,**
**суреттерді түсірген автор.**



















ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

# ОТБАСЫ БАНК ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ӨЗ ТЕЛЕФОН НӨМІРІН МОБИЛЬДІ АЗАМАТТАР БАЗАСЫНДА ДҰРЫС ТІРКЕЛГЕНІН ТЕКСЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН ЕСКЕ САЛДЫ

***Ең алдымен өз нөмірін Мобильді азаматтар базасында дұрыс тіркелуін – тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар тексеруі тиіс. Бұл Отбасы банк («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) азаматтармен уақытылы байланысып, тұрғын үйді бөлуге қатысты маңызды ақпаратты жеткізуі үшін қажет.***

Мобильді азаматтар базасындағы жаңартылған телефон нөмірі – бұл мемлекет пен Отбасы банкінің қазақстандықтармен байланыс орнатудағы негізгі бағыт:

– Актуалды нөмірге тұрғын үйді бөлу туралы SMS-хабарламалар жіберіледі;

– МАБ-да тіркелген нөмір арқылы мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға болады;

– Актуалды нөмір өз уақытында өтінім беріп, тұрғын үй алу мүмкіндігін жіберіп алмауға көмектеседі.

Егер азаматтың нөмірі Мобильді азаматтар базасында тіркелмеген немесе ескірген болса, Отбасы банктен жалдамалы немесе несиеге берілетін тұрғын үйді бөлу туралы хабарламаларды жіберіп алу қаупі бар.

МАБ-да (Мобильді азаматтар базасында) нөмірді қалай тіркеуге немесе жаңартуға болады?

1. eGov Mobile қосымшасына немесе egov.kz сайтына кіріңіз;

2. ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) немесе Mobile ID арқылы жүйеге кіріңіз;

3. egov.kz сайтындағы жеке кабинетте өзіңіздің актуалды телефон нөміріңізді көрсетіңіз, ал eGov Mobile қосымшасында — профильді ашып, өз атыңызды басып, нөміріңізді тексеріңіз.Егер нөмірді өзгертсеңіз, оны 1414-тен келген SMS-код арқылы растау қажет.

Осыдан кейін сіздің нөміріңіз ЖСН-мен (Жеке сәйкестендіру нөмірімен) байланысады, және Отбасы банк пен мемлекеттік органдардан келетін барлық хабарламалар дәл осы нөмірге жіберіледі.

Өз нөміріңізді МАБ-да тексеру үшін мына сілтемеге өтіңіз: egov.kz/services/CMDSearch. Тек ЖСН енгізу жеткілікті.

2025 жылдың 24 мамырынан бастап Отбасы банк ұлттық даму институты мәртебесін алды. Осыған байланысты тұрғын үйге кезек жүргізу қызметі, оны ұзақ жылдар бойы атқарған жергілікті атқарушы органдардан (әкімдіктерден) Отбасы банкке берілді.

Азаматтардың электрондық деректер базасын қабылдау процесі бірнеше айға созылды. Бүгінгі күні банктің қарамағына барлық 647 779 жазба толықтай берілді.

Келесі кезең – кезек тізімін түгендеу. Осы жұмыс аяқталған соң, тұрғын үйді бөлу процесі басталады – яғни жалдамалы және несиелік тұрғын үйлер үлестіріледі.

Несиелік тұрғын үйді ең төменгі 10% бастапқы жарнамен сатып алуға болады. Пайыздық мөлшерлемелер жылдық 2% (ЖТСМ 2%–2,1%) және 5% (ЖТСМ 5,2%–5,8%) деңгейінде белгіленген.

Қазір Отбасы банк өңірлердің әкімдіктерімен дайын тұрғын үй нысандарын беру туралы келісімдер жасасуда. Тұрғын үйді бөлу процесі 2025 жылдың қазан айында басталуы үшін, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім беруі қажет.

Кезекте тұрғандар туралы барлық мәліметтерді Отбасы банк мемлекеттік деректер базаларынан алады. Бұл – мемлекеттік қолдау шаралары әділ түрде жүзеге асып, шынымен мұқтаж азаматтарға жетуі үшін жасалып отыр.

Келісім беруді orken.otbasybank.kz порталының жеке кабинетінде орындау қажет. Ол үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерден (Google Chrome, Safari) браузер ашып, іздеу жолағына https://orken.otbasybank.kz/ сілтемесін енгізіңіз;

2. Негізгі беттегі оң жақ жоғарғы бұрышта орналасқан «Кіру» батырмасын басып, жүйеге кіріңіз. Авторизация үшін ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қажет;

3. Жүйеге кіргеннен кейін жеке кабинет бетінде «Деректерді жинауға және өңдеуге келісім» атты терезе ашылады. Онда деректердің қандай мақсатта пайдаланылатыны туралы ақпарат беріледі.

Ақпаратпен танысқан соң, міндетті түрде «ИӘ, мен өтінішпен таныстым» деген белгі қою қажет. Осыдан кейін «ЭЦҚ арқылы қол қою» батырмасы белсенді болады;

4. Соңында «ЭЦҚ арқылы қол қою» батырмасын басып, келісімді растаңыз.

Қол қойылған келісімнің артықшылықтары:

- Тұрғын үй мәселесін шешуге арналған мемлекеттік қолдауды нақты және жылдам алу;

- Жеңілдетілген несиелерді бөлуге қатысу;

- Мемлекеттік қолдаумен жалдамалы тұрғын үйді рәсімдеу.

* * *

*«Отбасы банк» АҚ – елде тұрғын үй құрылысын жинақтау жүйесін жүзеге асыратын бірегей банк. Банк Еуропалық құрылыс жинақ кассалары федерациясының және Халықаралық тұрғын үй қаржыландыру одағының мүшесі болып табылады. «Отбасы банк» АҚ-тың жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.*

**Назерке ҒАЛЫМ.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# САҢЫРАУҚҰЛАҚТАН УЛАНБАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ



**Саңырауқұлақтармен уланудың алдын алу үшін жеуге болатын қасиеттері белгілі саңырауқұлақтарды ғана жинап, пайдалануға болатындығын есте ұстаған жөн.**

Саңырауқұлақтарды магистральдар мен теміржолдардан алыс жерде жинау ұсынылады. Құрттаған немесе өсіп кеткен саңырауқұлақтарды жинамауға кеңес береміз, сонымен қатар жиналған саңырауқұлақтарды өңдеуді келесі күнге қалдырмаған жөн. Жиналған саңырауқұлақтар өңделгенге дейін тоңазытқышта 12 сағаттан көп ұстамау қажет.

Пісірер алдында саңырауқұлақтарды балшықтан мұқият тазалап, шаю керек. Тек жеуге болатын саңырауқұлақтарды алдын-ала қайнатпай қуыруға болады. Саңырауқұлақ тағамдары ас қорыту жүйесінің созылмалы ауруларымен ауыратын адамдарға, сондай-ақ 14 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге ұсынылмайды.

Рұқсат етілмеген сауда орындарында кептірілген, тұздалған, маринадталған және консервіленген саңырауқұлақтарды сатып алуға болмайды. Көрсетілген өнім дайындаушы және тауарға ілеспе құжаттар, оның ішінде өнімнің қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар (сәйкестік туралы декларация) туралы толық ақпарат болған кезде ғана сауда ұйымдарында сатуға жіберіледі.

Ботулизмнің алдын алу үшін әуесқойларға саңырауқұлақтарды үйде консервілеуге емес, мұздатуға кеңес беріледі. Мұздатылған орман саңырауқұлақтарының тағамдары бірқатар пайдалы қасиеттерімен, сондай-ақ жылдың кез-келген кезеңінде сезінетін жаңа саңырауқұлақтардың керемет хош иісімен ерекшеленеді.

Ботулизм - кейде үйде технологияның бұзылуымен жасалған консервіленген саңырауқұлақтарды қолдануға байланысты пайда болады. Үйде консервілеу кезінде кейде саңырауқұлақтарды жақсылап шайып, термиялық өңдеу кезінде клостридия спораларын толығымен жою мүмкін емес. Өнеркәсіптік автоклавтарда тек жоғары температуралы емдеу консервіленген саңырауқұлақтардағы бактериялар мен спораларды жоюға мүмкіндік береді.

**Күлсара ӘЛЖАНОВА,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының СЭББ бас маманы.**

КОНКУРС

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік отыз күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2025 жылғы 18 қарашаға дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2 қабат, отырыс залы мекен жайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ғимаратында 2025 жылдың 01 желтоқсанында 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

**Конкурстың шарттары:**

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5)өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

**Конкурстық ұсыныста болу керек:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Талаптарына сәйкес келмейтін, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстық өтінімдер «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-не 2025 жылғы 28 қараша сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31 үй мекен жайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің www.mzh.sko.gov.kz, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі» КММ www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh-zher сайтында немесе 8 (71531) 2-03-75, 8 (71531) 2-08-33 телефондары бойынша алуға болады.

| Лот № | Алқаптардың құрамы | Алаңы, га | Бонитеттің орташа көтерілген балы | Жер учаскесінің орналасқан жері | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Сумен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Егістік: 21 өріс-388г., 23 өріс – 338г., 11 өріс -431г., 24 өріс -403г.<br>Жайылымдар: 2 өріс -11г., 3 өріс -23г., 4 өріс -1г., 7 өріс -6г., 4 өріс -12г., 5 өріс -5Г., 5 кос өріс -5г., 16 кос өріс -8г., 17 кос өріс -9Г., 2 өріс -3г., 6 өріс -17г, 3 өріс-8г.<br>бұталар-48 г; жолдар-5 г; | 1721 | 52,0 | Таман ауылдық округі | қарапайым қара топырақтар | Қанағаттанарлық | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |
















## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 13 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.25 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.10, 04.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
14.20 АПТА.
15.05 МҮДДЕ.
15.10 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ».
15.25 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР.
16.00, 01.45 Т/Х «АҚЖАУЫН».
17.20, 02.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.20, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 ФУТБОЛ.
04.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
05.20 «АУЫЛДАСТАР».

### Сейсенбі, 14 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.10, 04.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
14.25, 04.05 ҚОС ПАЛАТА.
14.45, 04.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
15.05 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР.
16.00, 00.10 Т/Х «АҚЖАУЫН».
17.20, 01.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.20, 02.20 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 «1001 ТҮН».
03.00 САНА.
05.25 «АУЫЛДАСТАР».

### Сәрсенбі, 15 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.10, 04.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
14:20 «ЗАҢ АЛДЫНДА».
14:40, 04.20 «ҮЛЕСКЕР».
15.05 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР.
16.00, 00.10 Т/Х «АҚЖАУЫН».
17.20, 01.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.20, 02.25 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 «1001 ТҮН».
03.15 САНА.
05.25 «АУЫЛДАСТАР».

### Бейсенбі, 16 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.10, 04.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
14.25, 04.25 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ».
15.05 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР.
16.00, 00.10 Т/Х «АҚЖАУЫН».
17.20, 01.10 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.20, 02.30 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 «1001 ТҮН».
03.20 САНА.
05.35 «АУЫЛДАСТАР».

### Жұма, 17 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ФУТБОЛ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.40 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
14:20 «БӘРЕКЕЛДІ».
15:40, 04.00 ЗАҢ АЛДЫНДА.
16.00, 00.55 Т/Х «АҚЖАУЫН».
17.20, 01.55 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.20, 03.15 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 ҰНАЙДЫ МАҒАН.
23.20 «1001 ТҮН».
00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
04.25 САНА.
05.25 «АУЫЛДАСТАР».

### Сенбі, 18 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 17.00, 01.45 АҚПАРАТ.
06.35 ФУТБОЛ.
07.15 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ».
08.00 М/Ф.
08.50, 20.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
09.00, 02.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
10.00, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
14.15 Т/Х «112».
17.20, 02.05 ҚОС ПАЛАТА.
17.40, 02.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
21.45 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
22.40 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ», Х/Ф.
01.10 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ».
04.00 «СОҢҒЫ ЖҰМАҚ: ГАЙАНА», Д/Ф.
04.50 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
05.25 «АУЫЛДАСТАР».

### Жексенбі, 19 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 АҚПАРАТ.
06.25 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ».
07.10 М/Ф.
08.00 «ЖАН АНАМ».
09.00, 01.35 АҚСАУЫТ.
09.20, 01.55 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
10.00, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА».
12.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
14.15 Т/Х «112».
17.00«КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
20.00, 00.35 АПТА.
20.50, 01.25 АҚОРДА.
21.00 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ».
21.55, 03.25 БӘРІКЕЛДІ.
23.20 «НАРТӘУЕКЕЛ».
02.25 «ЖАҢА ОРМАН», Д/Ф.
04.40 «КҮМІС КӨМЕЙ»
05.25 «АУЫЛДАСТАР».

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 13 қазан

05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ.
10.30 М/Ф «СУПЕР МЯУ».
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ЖҰМЫР ЖЕР.
15.10 ХАҚЫН БАР.
15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ.
16.00, 23.40 Т/Х «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 14 қазан

05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 PRESIDENT.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 ӘЛЕУМЕТ.
15.30 ДӘСТҮР.
16.00 Т/Х «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
23.40 Т/Х «СЕКРЕТАРША».
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 15 қазан

**ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕР! САҒАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ. УАҚЫТША ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ ҮШІН КЕШІРІМ СҰРАЙМЫЗ!**

17.00, 23.40 Т/Х «СЕКРЕТАРША».
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 16 қазан

05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 NEOСЕТЬ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 ӘСЕМ ӘНДЕР.
16.00, 23.40 Т/Х «СЕКРЕТАРША».
18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
19.00 ЖЕР-ЖАҺАН.
22.40 КЕШREC.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 17 қазан

05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ.
06.00 Т/Х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
07.00, 08.00, 08.55 ОЯН.
07.50, 18.00 НОВОСТИ.
08.35 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
10.30 М/Ф.
11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ.
12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.40 ӨЗЕКТІ.
15.10 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ.
15.30 Д/Ф.
16.00, 23.40 Т/Х «СЕКРЕТАРША».
18.30 ҚОҒАМ ПІКІРІ.
22.40 ОЙНАIQ.
01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК».
02.40 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 18 қазан

05.00 МАҢДАЙ ТЕР.
06.15 КІМ МЫҚТЫ?
07.30 КОНЦЕРТ.
09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ .
10.00 М/Ф.
11.30 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН. МАГИЧЕСКАЯ КНИГА».
12.00 «ПОМПЕИ», Х/Ф.
14.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ.
15.15 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН.
17.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
18.15 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС.
19.45 АЛҒАШҚЫ.
20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES.
22.00 7 КҮН.
22.40 ЖҰМЫР ЖЕР.
23.00 «СЧАСТЛИВОЕ ЧИСЛО СЛЕВИНА», Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жексенбі, 19 қазан

05.00 МАҢДАЙ ТЕР.
06.15 КІМ МЫҚТЫ?
07.30 ТАМАША.
08.00 КОНЦЕРТ.
10.00 М/Ф.
11.30 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН. МАГИЧЕСКАЯ КНИГА».
12.00 «СЧАСТЛИВОЕ ЧИСЛО СЛЕВИНА», Х/Ф.
14.00 АЗАМАТ.
15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES.
16.30 ОЙНАIQ.
17.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
20.00 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН.
22.00 7 КҮН.
22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ.
23.00 Т/С «ПОМПЕИ».
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 13 қазан

06.00, 02.40 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.20 НОВОСТИ.
14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.50 ТОЙ БАЗАР.

### Сейсенбі, 14 қазан

06.00 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10 НОВОСТИ.
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Сәрсенбі, 15 қазан

**ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕР! САҒАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ. УАҚЫТША ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ ҮШІН КЕШІРІМ СҰРАЙМЫЗ!**

17.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА».
22.45 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.50 П@УTINA.
03.30 ТОЙ БАЗАР.

### Бейсенбі, 16 қазан

06.00, 02.40 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.20 НОВОСТИ.
14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА».
01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.50 ТОЙ БАЗАР.

### Жұма, 17 қазан

06.00, 03.05 П@УTINA.
07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
14.10, 02.40 НОВОСТИ.
14.20, 02.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE.
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.15 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА».
04.15 ТОЙ БАЗАР.

### Сенбі, 18 қазан

06.00 ТОЙ БАЗАР.
07.00, 03.25 «П@УTINA».
08.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
09.00 QAЙMAҚ.
09.35 «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ. РОМАНТИК ИЗ СССР», Х/Ф.
12.05 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», Х/Ф.
16.40 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД».
20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ».
21.00 «НА ПЕРЕКРЕСТКЕ РАДОСТИ И ГОРЯ», Х/Ф.
01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
04.10 ТОЙ БАЗАР.

### Жексенбі, 19 қазан

06.00, 04.00 ТОЙ БАЗАР.
07.00, 03.10 «П@УTINA».
08.50 «НА ПЕРЕКРЕСТКЕ РАДОСТИ И ГОРЯ», Х/Ф.
13.05 Т/С «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ».
18.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОЛ.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.50 Т/С «КУДА УХОДЯТ ДОЖДИ».
01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

*- Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы.*

*- Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – адамның ізгілікті ісі.*

**ӘЛ-ФАРАБИ.**














БАСПАСӨЗ - 2026

# ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!










АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

# ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР – САУЛЫҚ КЕПІЛІ

**Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!**

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясының ветеринариялық мамандары ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті ауруларына қарсы күзгі, жоспарлы ветеринариялық-алдын алу іс-шараларды (бруцеллезге зерттеу үшін жануарлардан қан алу, ІҚМ туберкулинизациясы, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру, құлақ белгілерін ауыстыру) белсенді жүргізіп жатқанын еске саламыз.

Осыған байланысты Сіздерден ветеринариялық іс-шараларды жүргізу кезінде бұл іс-шараға түсіністікпен карауларыңызды, ветеринариялық мамандарға жәрдем көрсетулеріңізді және ауылдық округтердің мал дәрігерлеріне «Ветеринария туралы» ҚР Заңының 25 бабына сәйкес жаңадан сатып алынған жануарға (жануарларға), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және



өткізілгені туралы уақтылы хабарлауларыңызды сұраймыз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы.**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ



# ПЕШ КҮЛІНЕН ДЕ ҚАУІП БАР

Суық түскен сәттен бастап барлық тұрғын секторлардың тұрғындары жылыту пештерін іске қосты. Осы кезеңде жылыту пешін іске қосуы бойынша өрт қауіпсіздік ережелерінің кемшіліктерімен байланысты «пеш» апатының сандары көбейеді. Бірақ басқа да сұрақтар туындайды, көптеген адамдар әлі суымаған пеш күлін ешқандай қауіп төндірмеді деп ойлап, үй алдындағы жанғыш құрылыстар жанына және қора маңайларына төге салады. Бұл өте қауіпті екенін еске саламыз.

Көптеген жағдайлар төгілген күл кесірінен зұлым жау пайда болады. Тұрғындар ешқандай қауіпті сезбей күнделікті тұрмыстық жұмыстарымен айналасып жүрген кезде, әлі суымаған күл, отқа айналып, үйге және салынымдарға жақындайды.

Күл және оның қалдықтарын қазандықтан алынғаннан кейін арнайы бекітілген орынға төгу қажет және өрттің шығу мүмкіндігін жою үшін үстіне су құюға болады.

Күйе - бұл күл емес, бірақ ол да түгелдей жанбаса, әрі қарай бықсып жанып, отқа айналуы мүмкін. Күлді және шлактарды пештен алғаннан кейін оған су құйып арнайы белгіленген қауіпсіз жерге төгу керек.

Өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес күлді, шлактарды сақтауға тұрақты арнайы орын анықтау керек, жанғыш құрылыстарға арақашықтығы 15 метрден кем болмауы қажет.

Құрметті тұрғындар, есте сақтаныздар, өздеріңізді жаман қатерден алдын ала сақтаңыздар.

Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жылыту кезенінде аудан тұрғындарын осындай кемшіліктерге жол бермеуге шақырады.

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда теріліп беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 450

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады